# Үй тапсырмасы

1.Біркелкі орналаспаған жер бедерінің жиынтығы.
А) тау Ә) рельеф Б) мұхит
2. Құрлықтың жан – жағын мұхиттар мен теңіздер қоршап жатқан ірі бөлігі.
А) материк Ә) арал Б)теңіз
3. Жер шарында неше материк бар?
А) 4 Ә)5 Б) 6
4. Материкке жақын, бұғаз арқылы бөлініп жатқан арал
А) жанартаулық Ә)материктік Б) маржандық
5. Ауданы ең үлкен материк
А) Еуразия Ә)Африка Б)Аустралия
6. Ең ылғалды және жасыл материк
А) Антарктида Ә)Оңтүстік Америка Б) Солтүстік Америка
7. Ауданы жөнінен ең үлкен арал
А) Суматра Ә)Хонсю Б) Гренландия
8. Гренландия аралының ауданы
А) 2,2 млн км Ә)3,2 млн км Б) 1,6 млн км
9. Тірі ағзалардың әсерінен пайда болатын арал?
А) жанартаулық Ә)материктік Б) маржандық
10. Материктер жердің неше пайызын алып жатыр?
А) 27% Ә) 29% Б)39%



# Жауаптары

1-ә
2-а
3-б
4-ә
5-а
6-ә
7-б
8-а
9-б
10-ә

# Картамен жұмыс




Т а п с ы р м а:
Дүниежүзінің физикалық картасының көмегімен
1-топ.1.Еуразия материгін көрсетіп, ерекшелігіне тоқталу.
2-топ. Африка материгі
3-топ. Антарктида материгі

Таулардан өзен ағар сарқыраған
Айнадай сәуле беріп жарқыраған
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта
Аралап тау мен тасты арқыраған
Көңілің суын ішсең ашылады
Денеңде бар дертіңді қашырады
Өксіген оттай жанып жануарлар
Өзеннен рақат тауып басылады.






# Жердің су қабығы-гидросфера.

## 2. Топтастыру.

**Топтастыру арқылы гидросфера құрамы түсіндіріледі.**






Суретке мұқият қарап табиғаттағы су айналымы қалай жүретінін естеріңе түсіріңдер.




**I**

***Құрлыққа қарағанда жылуды су баяу жинайды, соған орай ол жылуды баяу береді. Осыған байланысты қыс мезгілінде мұхиттар құрлыққа жылу береді, ал жазда салқын әкеледі.***

**II**

***Су көптеген заттарды ерітеді***

**III**

***Су ағыны жер бедерін өзгертеді. Олар теңіз және мұхит жағаларын жыралап, өте терең үңгірлер және алып өзен алқаптарын тудырады***

**IY**

***Су - тірі ағзалардың құрамды бөлігі***


Судың қасиеттері
бу

# Өзіндік жұмыс

- 1.Бір оқушы шығып 1литр суға 30-35 грамм тұз салып араластырып, дәмін татып көрсетеді. Осындай дәм- теңіз суының дәміне ұқсас болып келеді. Демек 1литр теңіз суының құрамында 35грамм тұз болады. Тұз суда ериді. Мұхит және теңіз суларында тұздың көп болуынан су кермек дәм татып, ішуге жарамайды. Ішуге жарамды суда тұздың мөлшері 1 граммнан аз болуы керек .
- 2.Бір оқушы шығып 1литр суға бір уыс топырақ салып араластырып, бірнеше минутқа дейін оны тұндырып қояды. Демек топырақ суда ерімейді.

# Білгенге маржан

# Ең...Ең...Ең...


Ең үлкен мұхит - Тынық мұхиты. Оның ауданы 179,5 млн км$^2$, су көлемі 710360 млн км$^3$, орташа тереңдігі 3980 м.

# Ең кіші мұхит - Солтүстік мұзды мұхит. Ауданы 14 млн $км^2$, орташа тереңдігі 1220 м.


Ең ірі теңіз-көл - Еуразиядағы Каспий теңізі. Ауданы 371 мың км², ұзындығы 1200 км, ені 320 км.


Ең биік сарқырама - Оңтүстік Америкадағы Анхель сарқырамасы. Биіктігі 1054 м.

Ең терең көл - Еуразиядағы Байкал көлі. Максимум тереңдігі 1637 м.



Ең ұзын өзен - Африкадағы Ніл (Кагерамен бірге) өзені, ұзындығы 6671 км.


Ең ірі өзен бассейні - Оңтүстік Америкадағы Амазонканың өзен бассейні. Ауданы 7 млн км жуық.
2

# Өзіңді тексер

1 тапсырма. **Географиялық диктант**

***1.Жердің су қабығы - .... .***

***2.Бір литр теңіз суының құрамында .... грамм тұз болады.***

***3.Емдік сулардың шығып жатқан жерін .... деп атайды.***

***4.Табиғатта су ………күйде кездеседі.***

***5.Ішуге жарамды суда тұздың….. грамы болуы керек. 6.Гидросфераның құрамына .... жатады.***

***7.Қазақстанда емдік қасиеті бар қандай жерлер…..***

***8. Судың қасиеттері ……………***

***9. Суда еритін заттар……..***

# Сергіту сәті

Ғарыш кеңістігіне кімнің  сапар шеккісі келеді? Олай болса ғарыш кемесіне мінейік. Барлығымызға сәт сапар тілейік. Жерді ғарыштан тамашалағанға не жетсін балалар?! Қараңдаршы  біздің ғаламшар басқа ғаламшарлардан әдемі емес пе?! Қарайықшы, жердің басым бөлігі қандай түспен берілген? Дұрыс көк түспен, жерге қайта оралатын уақыт келді. Сәл сергідік пе балалар? Тамаша.

# VI . Сен білесің бе?Суға қатысты мақалдар

- 1.Су жүрген жер – береке……………………..
- 2.Сулы жер…………………………………..
- 3.Бұлақты жер……………………………
- 4.Сөз атасы — құлақ……………………
- 5.Адамзатты сөз бұзар…………………
- 6. “Су - ырыстың көзі …………………..
- 7.Таулы жер бұлақсыз болмас……….
- 8.Батыр туса – ел ырысы……………….
- 9.Қар мол болса, дән көп…………………

Су жүргізер тіршіліктің тамырын,



Су жүргізер тіршіліктің тамырын,
Су жоқ болса тірлік тәмән бауырым.
Судың біздер біле тұра маңызын,
Көп болған соң ұмытамыз қадірін,- деп
сабағымызды аяқтаймыз.

# Бағалау.



Топ басшысына алдын – ала бағалау критерийлері жазылған парақша таратылып қойылады. Әр тапсырма сайын ұпайы жазылып, сабақ соңында жалпы балдары сараланып, журналға қойылады.

FUTURU.RU

# Рефлексия



# Үйге тапсырма:

§19. Гидросфера - жердің су қабығы. Мазмұндау
Қазақстандағы курортты - санаторийлер туралы мәліметтер іздеп келу.


Назарларыңызға рахмет!